

КЕЛІСІЛДІ

**Қарағанды облысы білім
басқармасының басшысы
Кожухметова**



БЕКІТІЛДІ

**Қарағанды облысы әкімінің
орынбасары
А.Нүкенов**



«ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП»

кітап оқуды дәріптеуге арналған

ЖОБА

2020-2025 жж.

Қарағанды -2020

Жобаның өзектілігі:

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің отырысында электронды дәуірдегі дәстүрлі кітапхананың ағартушылық рөліне тоқталып, мектеп кітапханаларының кітап қорын жаңалап, толықтырудың аса маңызды міндет екендігін атап өтті. Президент өз сөзінде: «Қазір бұл кітапханалардың қоры ескірген әрі жұтаң. Әсіресе, көркем туындылар мен тартымды әдебиеттер тапшы. Қазақ тіліндегі тиісті әдебиеттер өте аз немесе мүлдем жоқ. Оқушылардың әлем әдебиеті классиктерінің шығармаларына қолы жете бермейді. Оқу мәдениетін арттыру мәселесін кешенді түрде шешу үшін тілдік пәндер мен әдебиеттің оқу бағдарламаларын қайта қарау керек», - деді. Білім және ғылым министрлігіне осы мәселелермен мұқият айналысуды және нақты ұсыныстар енгізуді тапсырды.

Білім берудің барлық деңгейлеріндегі тәрбие мен оқыту жүйесі бірыңғай идеологиялық және құндылық тәсілдеріне құрылады. Тәрбие жұмысы барлық мүдделі тараптарды: отбасын, білім беру ұйымы мен қоғамды кеңінен тарта отырып, кешенді түрде жүргізілуі тиіс. Бұл ретте білім беру ұйымдары білім алушылардың ата-аналарымен және заңды өкілдерімен тұлғааралық өзара іс-қимылдарды кеңейтуге және өзара жауапкершілік қағидаты бойынша ынтымақтастық құруға назар аударған жөн.

Оқылымға білім берудің, тәрбиелеудің және мәдениетті дамытудың негізгі компоненті ретінде ерекше рөл беріледі. Оқылым тұлғаны және оның оқу сауаттылығын (немесе тұлғаның оқу сауаттылығын), *жаңа сауаттылықты-функционалдық қалыптастырушы және дамытушы* іс-әрекет болып табылады.

Кітап көзі ашық, парасатты әрі білікті тұлғаны тәрбиелеудің әмбебап құралы болып табылатындықтан, кітап оқу мәдениетін қалыптастыру және оны дәріптеу қоғамның дамуы үшін аса маңызды. Кітап оқуға ынталандыру үшін оқырмандар арасында әртүрлі байқаулар өткізу үрдісін одан әрі жалғастыру керек.

Республикалық жобада қажетті көркем әдебиеттер тізімі 4 бағыт бойынша жоспарланған, осы бағыттарды негізге ала отырып түрлі шаралар ұйымдастыру көзделеді:

1. Отандық классиктердің ең үздік әдебиеттерінің кіруі.
2. Шетелдік қазақ тіліне аударылған әлем әдебиеттерінің тізімі.
3. Заманауи жазушылар мен ақындардың үздік шығармаларының тізімін енгізу.
4. Түрлі анықтамалықтар мен ғылыми-көпшілік басылымдар және оқу-әдістемелік құралдармен жасақтау.

Жоба аясында түрлі шаралар, кездесулер, пікірталастар арқылы, ата-аналар қоғамдастығын тартып, мектеп кітапханаларының сайттарында пікірталастар жүргізу арқылы әдеби кітаптар оқуға, әлемді тануға деген қызығушылықты қалыптастыру қарастырылды. «Оқуға құштар мектеп», «Зейін», «Зерек», «Бір отбасы - бір кітап», «Оқу шаттығы», «Читающая семья – читающий ребенок» жобаларын іске асыру аясында бес жыл ішінде PISA оқу сауаттылығы деңгейіне жетеді деп күтілуде. Оқушылардың жан-жақты дамуы

үшін Білім және ғылым министрлігі сыныптан тыс оқуға ұсынылған әдебиеттер тізімін бекітіп ұсынып отыр, тізімнің құрамына 932 туынды енгізілген. Әр сыныпқа қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде 25-30 кітапты оқу жүктелген, осы ұсынылған әдебиеттер тізімі облыстық білім беру ұйымдарында білім алушыларға ұсынылады.

Жас ұрпақтың білімі мен мәдениетін, кітап оқуға деген құштарлығын дамыту үшін мектеп кітапханаларының атқаратын жұмысы өте ауқымды болып келеді, осы жоба аясында кітапханалар білім алушыларға кітап оқуды насихаттап, көзі ашық, парасатты, білікті тұлға қалыптастыруға байланысты жұмыстар жүргізеді.

Жобаның мақсаты:

Оқу мәртебесін, оқу белсенділігі және оқу сапасын арттыру, сондай-ақ жас ұрпақ бойында жоғары азаматтық және рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, мәдени және оқу құзыреттілігін дамыту, отбасылық кітап оқу дәстүрін жаңғырту және мектеп оқушыларының интеллектуалды әлеуетін арттыру.

Жобаға қатысушылар: қала/аудан білім беру ұйымдары және облыстық мамандандырылған мектеп-интернаттар.

Жобаның міндеттері:

- Мектеп оқушыларының кітап оқу белсенділігін дамыту;
- Мектеп оқушыларының оқырман белсенділігі және оқырман біліктілігін дамытуға бағытталған өзара байланысты жоба жүйесін қалыптастыру;
- Отбасылық кітап оқу дәстүрін жаңғырту;
- Жас ұрпақтың өскелең талабын қанағаттандыруда, рухани байлығын, жалпы ой-өрісін дамытуда, жоғары эстетикалық талап-талғамын қалыптастыруда ең үлкен де ұлы тәрбие құралы – кітап екенін түсіндіру;
- Оқушылардың оқырмандық мәдени тәрбиесін, көркем әдебиетке, кітапқа деген қызығушылығын дамыту;
- Интерактивті әдістемелерді қолдану
 1. Электронды кітаптарды оқуға баулу;
 2. Аудиокітаптардың тізімін беру, қолдана білу;
- «BookCrossing» - кітап алмасу қозғалысын дамыту.

Жобадан күтілетін нәтижелер:

- Мектеп оқушыларының кітап оқу белсенділігі артады.
- Мектеп оқушыларының оқырман белсенділігі және оқырман біліктілігін дамытуға бағытталған жоба жүйесі қалыптасады.
- Отбасылық кітап оқу дәстүрі жаңғыртылады.
- Жас ұрпақтың өскелең талабын қанағаттандыруда, рухани байлығын, жалпы ой-өрісін дамытуда, жоғары эстетикалық талап-талғамын қалыптастыруда ең үлкен де ұлы тәрбие құралы – кітап екенін түсінеді.
- Оқушылардың оқырмандық мәдени тәрбиесі, көркем әдебиетке, кітапқа деген қызығушылығы дамиды.
- Интерактивті әдістемелерді қолдану арқылы электронды кітаптарды оқуға және аудиокітаптарды қолдана білуді меңгереді.
- «BookCrossing» - кітап алмасу қозғалысы дамиды.

**«Оқуға құштар мектеп» жобасының
ТӨЛҚҰЖАТЫ**

	Тақырып	Жоба туралы ақпарат
1	Жоба атауы	«Оқуға құштар мектеп» әлеуметтік-педагогикалық жоба
2	Жоба авторлары	Қарағанды облысы білім басқармасы Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы
3	Жобаны әзірлеушілер	Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы
4	Жобаны үйлестіруші	Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы
5	Жобаға қатысушылар	18 қала/аудан мектептері, 12 мамандандырылған мектеп-интернат, балалар үйлері, арнайы мектеп-интернаттары, қосымша білім беру ұйымдары.
6	Жобаның өзектілігі	Жоба аясында түрлі шаралар, кездесулер, пікірталастар арқылы, ата-аналар қоғамдастығын тартып, мектеп кітапханаларының сайттарында пікірталастар жүргізу арқылы әдеби кітаптар оқуға, әлемді тануға деген қызығушылықты қалыптастыру қарастырылды. «Оқуға құштар мектеп», «Зейін», «Бір отбасы, бір кітап», «Оқу шаттығы» жобаларын іске асыру аясында бес жыл ішінде PISA оқу сауаттылығы деңгейіне жетеді деп күтілуде. Оқушылардың жан-жақты дамуы үшін Білім және ғылым министрлігі сыныптан тыс оқуға ұсынылған әдебиеттер тізімін бекітіп ұсынып отыр, тізімнің құрамына 932 туынды енізілген. Әр сыныпқа қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде 25-30 кітапты оқу жүктелген, осы ұсынылған әдебиеттер тізімі облыстық білім беру ұйымдарында білім алушыларға ұсынылады.
7	Жобаның мақсаты	Оқу мәртебесін, оқу белсенділігі және оқу сапасын арттыру, сондай-ақ жас ұрпақ бойында жоғары азаматтық және рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, мәдени және оқу құзыреттілігін дамыту, отбасылық кітап оқу дәстүрін жаңғырту және мектеп оқушыларының интеллектуалды әлеуетін арттыру.
8	Жобаның міндеттері	<ol style="list-style-type: none"> 1. Білім алушылардың оқу сауаттылығын дамыту үшін оқушыларға қажетті әдебиеттер табуға жағдай жасалады. 2. Кітап мәдениеті, оқу құндылығы туралы пікір қалыптастырылады. 3. Кітап оқитын, әдебиетті танитын, кітапханаға баратын адамның жоғары мәдениеті қалыптасады. 4. Аз оқитын немесе мүлде оқымайтын балалар әртүрлі кітап байқаулары, жарыстар, ақын-жазушылармен кездесулер, кітап көрмелері сияқты іс-шаралар арқылы белсенді оқуға тартылады. 5. Кітап оқуға ынталандыру мақсатында ауқымды шаралар, байқаулар өткізіледі.

9	Болжамды нәтиже	<ul style="list-style-type: none"> - Жас ұрпақтың өскелең талабын қанағаттандыруда, рухани байлығын, жалпы ой-өрісін дамытуда, жоғары эстетикалық талапталғамын және функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда ең үлкен де ұлы тәрбие құралы – кітап екені насихатталады. - Отбасылық кітап оқу дәстүрі жаңғыртылады. - Оқушылардың оқырмандық мәдениеті, көркем әдебиетке, кітапқа деген қызығушылығы дамиды. - Білім алушылардың кітап оқуға құштарлығы артады.
10	Жобаны жүзеге асыру мерзімі	2021-2025 жж.

Жоба гипотезасы: Жобаны іске асыру барысында түрлі жұмыс түрлерін ұйымдастыру, білім алушылардың кітап оқуға құштарлығын арттыру, кітапты отбасымен бірге оқу дәстүрін жаңғырту, кітапхана қорын көбейту, кітапханаларда электронды кітаптар қорын үлкейту, жас ұрпақты интеллектуалды, мәдениетті, рухани бай адам етіп тәрбиелеуге ат салысу.

Жобаға қатысушылар: Қарағанды облысының білім беру ұйымдары.
Жобаны іске асыру мерзімі: 2020-2025 жж.

Жобаны іске асыру кезеңдері:

I. Жобалық кезең: (2020 ж.)

1. «Оқуға құштар мектеп» жобасын әзірлеу, талқылау, бекіту.
2. Іс-әрекеттер жоспарын жасау.
3. Жоба қатысушыларына арнап семинар-практикум өткізу.

II. Тәжірибелік кезең: жобаны жүзеге асыру. (2021-2024 жж)

1. «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша жұмыс жасау.
2. Жоба бойынша әдістемелік нұсқаулықтар әзірлеу.
3. Білім беру ұйымдарының кітапханаларымен әріптестікті кеңейту.
4. Жобаны жүзеге асыру мониторингін өткізу.
5. Жоба бойынша өткізілетін байқаулар, акциялар, іс-шараларға қатысу.

III. Жалпылауыш-аналитикалық кезең:

(2024-2025 жж.) жобаның қол жеткен жетістіктері талдау, одан әрі жұмыс істеу перспективаларын анықтау.

Жобаны жүзеге асыру нәтижелілігін бағалау: Жүзеге асыру нәтижесін бағалау адамгершілік-рухани және сандық параметрлер бойынша объективті критерийлер жүйесін қолдану арқылы жүзеге асырылады.

1. Мәдени, интеллектуалды, рухани бай ұрпақ тәрбиелеу:
 - Кітап оқуға баулу арқылы зерделі азаматтар тәрбиелеуге ықпал ету;
 - Қазақ әдебиетінің алтын қорын және шетел әдебиетін оқуға дағдыландыру;

- Оқушылардың жан-жақты дамуы үшін сыныптан тыс оқуға ұсынылатын әдебиеттердің тізімін бекіту.

2. Негізгі құндылықтарға саналы көзқарастың қалыптасуы:

- Кітап оқуға деген құштарлық арқылы Отанға деген махаббат;
- Адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандығы;
- Ұлттық сана-сезімнің жоғары деңгейін қалыптастыру;
- Басқа азаматтардың намысы мен абыройын құрметтеу;
- Мемлекеттік тілге құрмет.

Білім беру ұйымдарында жобаны жүзеге асыруға жауаптылар:

- Мектеп директорлары, тәрбие жұмысы жөніндегі директордың орынбасарлары (жалпы басқару);
- Әдіскерлер;
- Кітапханашылар;
- Сынып жетекшілері.

«Оқуға құштар мектеп» жобасын жүзеге асыру және негізгі жұмыс түрлері:

- Жылдық жұмыс жоспары, өткізілген іс-шаралардың тиімділігін талдау және бағалау, педагогикалық кеңестерде мәселелерді талқылау.
- Кітап оқуға насихаттауға қатысты әртүрлі байқаулар, сайыстар, әдеби кештер, акциялар, викториналар ұйымдастырылады;
- Кітапхана қоры толықтырылады;
- «BookCrossing» қозғалысы дамытылады;
- Жас қаламгерлерге қолдау көрсетіледі;
- Әлеуметтік желілерде белсенділік артады;
- Ата-аналармен бірлесіп кітап оқу шаралары ұйымдастырылады;
- Басқа да қоғамдық ұйымдармен бірлескен іс-шаралар ұйымдастырылады.

Жобаға қатысушылар: 18 қала/аудан мектептері, 12 мамандандырылған мектеп-интернат, балалар үйлері, арнайы мектеп-интернаттары, қосымша білім беру ұйымдары.

Жоба авторлары:

Қарағанды облысы білім басқармасы.

Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы.

«Оқуға құштар мектеп» кітап оқуды дәріптеуге арналған жоба бойынша өткізілетін іс-шаралар жоспары (2020-2025 жж.)

№	Іс-шаралар	Өткізу мерзімі	Жауапты	Күтілетін нәтиже
1	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында облыстық жоба.	2020 ж, қараша	Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы	Жобаны әзірлеу, талқылау, бекіту.
2	Акция: «Кітап оқы, рухани бай бол!»	2021 ж. желтоқсан	Кітапханашылар, әдіскерлер	Білім беру ұйымдарының оқушылары арасында кітап

				оқуды танымал ету. Өткізілген іс-шара шеңберінде БАҚ ақпарат тарату.
3	«Кітап апталығы» (білім беру ұйымдары ішінде нақты бір кітап немесе кітап жанры бойынша апталық өткізу).	2021ж. ақпан	Кітапханашылар, әдіскерлер	Балалар мен жасөспірімдер кітабы апталығы аясында әлемнің үздік кітаптарына арналған байқаулар, көрмелер, конференциялар мен фестивальдар өткізеді. Өткізілген іс-шара шеңберінде БАҚ, сайтта, әлеуметтік желілерде ақпарат тарату.
4	Облыстық «Бір отбасы-бір кітап» акциясын жүзеге асыру.	2020-2023 жж.	Әдіскерлер, мектеп басшылары	Адамзаттың әлеуметтік белсенділігін арттырудың қуатты құралы болып табылатын кітап оқуды отбасылық құндылыққа айналдыру.
5	Облыстық «Зерек» жобасын жалғастыру.	2020-2025жж.	Әдіскерлер, мектеп басшылары	Ұйымдастырылған оқу қызметі мен сабақ арқылы жеке тұлғаның интеллектуалды әлеуетін дамыту, білім беру салаларын интеграциялау процесінде бастапқы дағдыларды қалыптастыру
6	«Читающая семья – читающий ребенок» жобасын жүзеге асыру.	2020-2023 жж.	Мектеп директорлары, гуманитарлық пәндер мұғалімдері, кітапханашылар	Кітап оқитын оқушылар мен отбасыларының санының артуы. Мектеп кітапханаларына барудың саны мен сапасының артуы.
7	Облыстық «Зейін» жобасын жүзеге асыру.	2020-2023 жж.	Әдіскерлер, мектеп директорлары	Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту арқылы білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру, жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту, қазақстандық оқушылардың PISA, TIMSS, PIRLS, ICILS, PIAAC халықаралық салыстырмалы зерттеулеріне қатысуы үшін дайындық жұмыстарын жүргізу.
8	Облыстық «Оқу шаттығы» жобасын жалғастыру.	2020-2025 жж.	Әдіскерлер, мектеп директорлары	Оқушылардың оқу сауаттылығының дамуы.
9	«Абай оқулары» (үйірме).	2020-2025 жж. (үнемі)	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері	Ұлы ақын Абай Құнанбаевтың шығармаларымен танысады, республикалық байқауға дайындық.
10	«Әдеби қонақ бөлмелері» акциясы (бір жылда бір	2020-2025 жж.	Кітапханашылар, әдіскерлер	Аталған акцияда оқырман конференциясын, сахналық

	рет).	(жыл сайын)		қойылымдар, поэзия оқу байқауларын өткізу ұсынылады.
11	«Бір аймақ, бір кітап» жобасы	2020-2025 жж. (жыл сайын)	Кітапханашылар, әдіскерлер	Қоғамды дамытудағы басым міндеттердің бірі ретінде оқуды қолдауды қарастыра отырып, мектеп кітапханаларына осы акцияны жыл сайын жүзеге асыру ұсынылады.
12	«Сөз құдыреті» пікірталас. (Нақты бір шығарма тақырыбына байланысты өз пікірлерін дәлелдеу, пікір алмасу. Жерлес ақын-жазушылармен кездесу ұйымдастыру).	2020-2025 жж. (жыл сайын)	Кітапханашылар, тәлімгерлер	Тілге деген сүйіспеншіліктерін арттыру, туған тілін құрметтеуге; өзара сыйластыққа, тіл табыса білуге, өзін – өзі дұрыс ұстауға баулу. Өткізілген шара бойынша ақпарат тарату.
13	«Жас қаламгер клубы», «Онлайн поэзия». (Шығармашыл оқушылар клубын құру)	2020-2025 жж.	Кітапханашылар, қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері	Жас қаламгерлерді, жас ақындар мен жазушыларды қолдау. Олардың шығармаларын баспасөз, әлеуметтік желілерде насихаттау.
14	«Жас журналист», «Жас блогер» бірлестіктерін құру.	2020-2025 жж.	Кітапханашылар, тәрбиешілер	Жас журналистер мен жас блогерлерді қолдау. Оқушылардың аналитикалық және практикалық дағдыларын дамыту, медиасауаттылықтарын арттыру.
15	«Қазақ және әлем әдебиеті классикалары» (видеолекция).	2020-2025 жж. (ай сайын)	Кітапханашылар, қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері	Оқушылар классикалық шығармалармен танысады. Өткізілген шара бойынша ақпарат тарату.
17	«Жазғы демалысқа жақсы кітаппен» (виртуалды кітап көрмесі).	2020-2025 жж. (жыл сайын)	Кітапханашылар, сынып жетекшілері	Оқушылардың жазғы демалысына кітаптар тізімін дайындап, оқуға кеңес беріледі.
18	«Өзің оқы да, өзгеге ұсын» кітап алмасу шарасы. (BookCrossing).	2020-2025 жж. (екі айда 1 рет)	Кітапханашылар, тәлімгерлер	Оқырмандар оқыған қызықты кітаптарын буккроссинг сөрелегіне қойып, орнына сол сөреден өзі оқымаған кітапты алып кете алады, кейін досына, танысына, кітап сүйер оқырманға ұсынуына болады. Өткізілген шара бойынша ақпарат тарату.
19	«Біздің мектептің электрондық кітапханасы» (Мектеп кітапханасының электронды нұсқасын құру және мектеп оқушыларына таңыстыру).	2020-2025 жж.	Кітапханашылар	АКТ ның көмегімен топпен, жұппен жұмыстар жүргізіліп, буктрейлер жасалынып, рөлдік ойындар ойналады, QR-код пен пайдаланып, библио-фреш т.б. жасалады.
20	Оқу мәдениетін	2020-2025	Әдіскерлер,	Тәжірибе алмасу.

	қалыптастыру бойынша Назарбаев Зияткерлік мектебі мен Білім Инновациялық лицейінің тәжірибелерін қолдануды жалғастыру.	жж.	мектеп директорлары	
21	«100 кітап» атты мектеп қоғамдастығын құру.	2021ж. қаңтар	Кітапханашылар, әдіскерлер	Тізімде 50 қазақ әдебиетінің, 50 әлем әдебиетінің классикасы, оның ішінде 20 – ағылшын тілінде, 30 – орыс тілінде болады.
22	«Кітап оқу сәні» оқу сағаттарын өткізу.	2020-2025 жж. (аптасына 1 рет)	Мектеп директорлары, сынып жетекшілері	Әр бейсенбі күні оқу сағаттарын ұйымдастыру.
23	Атаулы күндер тізбесіндегі мерейтойларға арналған іс-шаралар.	2020-2025 жж.	Кітапханашылар, әдіскерлер	Виртуалды көрмелер; Конференциялар; Бенефис отырыстар; Пікірталастар; Портреттік кештер; Әдеби вернисаж
24	Кітапханашылар форумын өткізу.	2021ж. Сәуір	Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының әдіскерлері.	Кітапханашылар форумы
25	Кітапханашылар байқауын өткізу.	2022 ж. қараша	Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының әдіскерлері.	Кітапханашылар байқауы
26	Жоба жұмысының қорытындысын шығару.	2020-2025 жж.	Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының әдіскерлері.	Жобаның тиімді және тиімсіз жақтарын қорытындылап, есепке алу.
27	Кітапханаларға келіп түскен жаңа көркем әдебиеттермен таныстыру анонсы.	Үнемі	Тәрбие ісінің меңгерушілері, кітапханашылар	Кітапхана қорына келіп түскен жаңа әдебиеттермен таныстыру.
28	Кітапханаларды компьютер, ноутбук, интерактивтік тақта, экран, проектор, т.б. қамтамасыз ету. Интернет желісіне қосу	2020-2025 жж.	Білім бөлімдері	Кітапханалардың материалдық-техникалық базасын нығайту
29	Кітапханаларды автоматтандыру,	2020-2025 жж.	Білім бөлімдері	Мектеп кітапханаларының заманауи

	арнайы бағдарламалар орнату		автоматтандырылған ақпарат-кітапханалық бағдарламалары енгізу
--	-----------------------------	--	---

Жоба жұмыстарын ұйымдастыру үшін жалпы білім беретін мектептердегі кітапханалар, акт залдары, оқырман залдары, мәдениет үйлері мен жасөспірімдер сарайларын пайдалануға болады.

Білім алушылардың кітап оқуға құштарлықтарын дамытудың **негізгі қағидалары:**

Кітап оқуда білім берудің, тәрбиелеудің және мәдениетті дамытудың негізгі компоненті ретінде ерекше рөл беріледі. Ұлттың рухани және интеллектуалды ілгерілеуінің құралы ретіндегі кітап оқу іс-әрекетіне балаларды және жастарды тарту мақсатында «Оқуға құштар мектеп» жобасы бағытталды. Мақсатты іске асыру білім беру кеңістігінің қарқынды дамып келе жатқандығына, мектептен тыс және оқудан тыс ақпарат көздерінің кеңеюіне, инновациялық сандық технологиялар пайдаланылуына әкелді. Осындай жағдайдағы кітап оқу сауаттылығының рөлі арта түседі, ол жаңа мағына мен әсерге ие болмақ:

- білімнің негізгі компоненті, адамгершілік үлгілерді дамыта отырып жеке құндылықтарды және идеологиялық көзқарастарды қалыптастырады ;
- кітап оқу мектептегі академиялық жетістіктерге, кейінгі өмірдегі кәсіби жетістіктерге және әлеуметтік тәжірибенің шектеулерін жеңуге болатын білім алу көзіне айналады;
- классикалық әдебиеттің тілін меңгеру, сөйлеуді дамыту, мәдениеттің жеке моделін құру құралы болып табылады;
- көркем әдебиетті оқу әлемдік мәдениеттің құндылықтарынан хабардар болуға және меңгеру құралы екені анықталады.

Жоба кітап оқуға құштар жас оқырмандырды тәрбиелеуге, өз Отанын, тарихын, әдебиетін, мәдениетін танып-білуге, дамытуға арналған. Кітап оқу әр кезде сәнге айналуы қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
2. «Мектеп оқушысының кітап оқу іс-әрекеті» әдістемелік ұсынымдамалары. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. Астана, 2018.
3. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Тәрбие және білім» атты кіші бағдарламасы шеңберінде жобалар мен іс-шаралар тізімі.
<http://stepnogorsk.akmoedu.kz/documents/view/e604d6b95e079dd0ce4b91d5fd24ca23.html>
4. Мектеп кітапханасында дұрыс кітапты қалай табуға болады?
<http://www.bolshoyvopros.ru/questions/1705299-kak-mozhno-najti-nuzhnyu-knigu-v-shkolnojbiblioteke.html>
5. Национальная библиотека Республики Казахстан. - www.kazneб.kz